Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 12 "Қоржынкөл селолық округінің Березовка селоның құрамдас бөлігін атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 11 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 1 шілдеде № 4900 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қоржынкөл ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 12 " Қоржынкөл селолық округінің Березовка селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-105 тіркелген, 2009 жылғы 1 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", " селоның", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша " селоның", "селолық", деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қоржынкөл ауылдық округінің әкімі *Е. Абдурахманов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК